

DOI: 10.31082/1728-452X-2024-239-3-7-12

УДК 616-006.04-035/614.2

2023-2024 ЖЖ БОЙЫНША ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ОНКОЛОГИЯЛЫҚ АУРУЛАР ДИНАМИКАСЫН ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ЖӘНЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРМЕН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛҚЫЛАУ ЖӘНЕ ЖАҚСARTУ ӘДІСТЕРІ

Ж.О. МӘУЛЕНОВ, <https://orcid.org/0000-0002-7471-7587>,М.Е. ЖАНТЕЕВ, <https://orcid.org/0000-0002-5387-3476>,Д.Ж. ЖҰМАҒАЛИ, <https://orcid.org/0009-0001-9267-7283-0009>

«Қалалық онкологиялық орталық» ШБҚ МК, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

Т У Ж Ы Р Ы М

Кіріспе. Бүкіл әлем халқының арасында қатерлі ісікпен ауыратын науқастардың саны артып келеді. Барлық өлім-жітім құрылымында бұл топ үлкен орын алады. Қатерлі ісіктер баяу дами бастайды, асимптоматикалық емес, бірақ кейінгі кезеңдерде олар іргелес мүшелер мен тіңдерге өсіп, метастаз береді, бұл ауыр асқынуларға және өлімге әкеледі.

Зерттеудің мақсаты. Шымкент қаласы, Түркістан облысы бойынша онкологиялық қызметтің динамикалық көрсеткіштеріне (сырқаттанушылық, өлім-жітім, ерте диагностика, 5 жылдық өмір сүру) және Қазақстан Республикасы бойынша деректерге салыстырмалы талдау жүргізу.

Материал және әдістері. Республикалық, облыстық деңгейдегі және қалалық Онкологиялық орталықтың 2023-2024 жж. аурушандық, өлім-жітім, ерте диагностика және 5 жылдық өмір сүру бойынша статистикалық деректерді салыстырмалы талдау онкологиялық ауруларды ерте диагностикалау және тиімді емдеу, медициналық мекемелерді заманауи диагностикалық және емдік құралдармен қамтамасыз ету, персонал балының жұмысын жетілдіру жолдары зерттелді.

Онкологиялық ауруларды ерте диагностикалау мен тиімді емдеу медициналық мекемелердің диагностикалық, емдеу құрылғыларымен қамтамасыз ету, жұмысты жақсарту жолдары қарастырылған.

Нәтижелері. Талдау көрсеткендей, қала бойынша онкопатология бойынша сырқаттанушылық бойынша 2,4%-ға, 100 мың тұрғынға шаққанда 127-ден 123,9-ға дейін төмендеген, онкологиялық аурудан өлім-жітім көрсеткіші 2,8%-ға төмендеген, ерте диагностикада да оң динамика – 3,9%-ға, онкопатология диагностикасы бойынша қала бойынша дамыған сатыларда 14,3%-ға дейін айтарлықтай төмендеген, салыстырмалы көрсеткіш 5 жылдық өмір сүру деңгейі сәйкесінше 1,9%-ға өсті. Шымкент қалалық онкологиялық диспансерінің онкологиялық қызметінің динамикалық көрсеткіштері облыстық және республикалық деректермен салыстырғанда анағұрлым оң динамиканы көрсетеді. Бірақ қазіргі заманғы әдістерді қолдана отырып, диагностика мен емдеуді одан әрі дамыту қажет.

Талқылау. Бүкіл әлемде, соның ішінде Қазақстанда да қатерлі ісік ауруы көбейіп келеді. Өлім деңгейі де азаймай тұр. Салыстырмалы түрде Шымкент қаласының онкологиялық қызмет сәтасы біршама жақсарған. Жалпы, онкологиялық ауруларды ерте анықтау, білікті көмек көрсету және өлім-жітімді азайту мәселесі қарастырылуда. Бұл мәселені талқылау кезінде белгілі бір тиімді жұмыс жүргізілгені байқалады, алайда елдегі онкологиялық жағдайды жақсарту қосымша күш - жігерді, заманауи диагностикалық және емдік құралдарды кеңінен қолдануды қажет етеді.

Қорытынды. Осы мақаланы талдай келе, Қазақстанда онкологиялық көмекті ұйымдастыру жүйелі түрде қолға алынып келе жатқандығын көруге болады. Онкологиялық қызмет әлде де жақсартуды, әсіресе аурудың алдын алуды, ерте диагностикасын, тиімді емделуін қажет етеді. Осы салада заманауи қондырғыларды, жасанды интеллектіні кеңінен пайдалану қажет деп тұжырымдауға болады.

Негізгі сөздер: онкология, өлім көрсеткіші, аурушандық, ерте диагностика, радикалды емдеу.

Дәйексөз үшін: Мәуленов Ж.О., Жантеев М.Е., Жұмағали Д.Ж. 2023-2024 жж. бойынша Шымкент қаласы онкологиялық аурулар динамикасын Түркістан облысы және Республикалық көрсеткіштермен салыстырмалы талқылау және жақсарту әдістері // Медицина (Алматы). 2024;3(239):7-12. doi: 10.31082/1728-452X-2024-239-3-7-12

Р Е З Ю М Е

СРАВНИТЕЛЬНАЯ ДИНАМИКА ОНКОПАТОЛОГИИ ГОРОДА ШЫМКЕНТ С ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТЬЮ И РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ЗА 2023-2024 гг. И СПОСОБЫ УЛУЧШЕНИЯ МЕДИЦИНСКОЙ ПОМОЩИ

Ж.О. МАУЛЕНОВ, <https://orcid.org/0000-0002-7471-7587>,М.Е. ЖАНТЕЕВ, <https://orcid.org/0000-0002-5387-3476>,Д.Ж. ЖУМАГАЛИ, <https://orcid.org/0009-0001-9267-7283-0009>¹«Түркістан ГКП на ПХВ "Городской онкологический центр", г. Шымкент, Республика Казахстан

Введение. Среди населения всего мира количество больных страдающих злокачественными новообразованиями растет. В структуре всей смертности данная группа занимает до-

Байланыстар: Мәуленов Жақсылық Оразбайұлы, медицина ғылымдарының магистры, жоғары дәрежелі дәрігер-онколог, «Қалалық онкологиялық орталық» ШЖҚ МКК директоры, Шымкент қ., e-mail: jax_mail@mail.ru

Contacts: Abdursatulov Maulenov Zhaksylyk Orazbayuly, Master of Medical Sciences, oncologist of the highest category, director of the "City Oncology Center", Shymkent, e-mail: jax_mail@mail.ru

Поступила: 13.09.2024
Принята в печать: 27.09.2024

статочный удельный вес. Злокачественные опухоли начинают развиваться медленно, бессимптомно, но на поздних стадиях прорастают в смежные органы и ткани и дают метастазы, что приводит к серьезным осложнениям и к летальным исходам.

Цель исследования. Провести сравнительный анализ динамических показателей онкологической службы (заболеваемость, смертность, ранняя диагностика, 5-летняя выживаемость) по городу Шымкент, Туркестанской области и данных по Республике Казахстан.

Материал и методы. Проведен сравнительный анализ статистических данных по заболеваемости, смертности, ранней диагностики и 5-летней выживаемости республиканского, областного уровня и городского онкологического центра за 2023-2024 гг. и изучены пути ранней диагностики и эффективного лечения онкологических заболеваний, обеспечение медицинских учреждений современными диагностическими и лечебными приборами, совершенствования работы медицинского персонала.

Результаты. Анализ показал, что наблюдается снижение по заболеваемости онкопатологией по городу на 2,4%, с 127 до 123,9 на 100 тыс. населения, показатель смертности от онкозаболеваний снижен на 2,8%, в ранней диагностике также наблюдается положительная динамика – 3,9%, по диагностике онкопатологии в запущенных стадиях по городу заметно снижение до 14,3%, сравнительный показатель 5-летней выживаемости соответственно вырос на 1,9%. Динамические показатели онкослужбы Шымкентского городского онкологического диспансера в сравнении с областными и республиканскими данными показывают более положительную динамику. Но есть необходимость дальнейшего развития диагностики и лечения с применением современных методов.

Обсуждение. Заболеваемость злокачественными заболеваниями растет, как в мире, так и в Казахстане. Уровень смертности не снижается. По сравнению с республиканскими показателями и по Туркестанской области, в городе Шымкент ситуация по онкологической помощи несколько лучше. В целом рассматривается вопрос раннего выявления онкологических заболеваний, оказания квалифицированной помощи и снижения смертности. При обсуждении этого вопроса видно, что проделана определенная эффективная работа, однако, улучшение онкологической ситуации в стране требует дополнительных усилий, широкого использования современных диагностических и лечебных средств.

Выводы. Анализ данных показал, что организация онкологической помощи в Казахстане осуществляется системно. Однако, онкологическая служба нуждается в совершенствовании, особенно в профилактике заболеваний, ранней диагностике и эффективном лечении. Можно сделать вывод, что в этой области следует широко использовать современное оборудование и искусственный интеллект.

Ключевые слова: онкология, смертность, заболеваемость, ранняя диагностика, радикальное лечение.

Для цитирования: Мауленов Ж.О., Жантеев М.Е., Жумагали Д.Ж. Сравнительная динамика онкопатологии г. Шымкент с Туркестанской областью и Республики Казахстан за 2023-2024 гг. и способы улучшения медицинской помощи // Медицина (Алматы). 2024;3(239):7-12. doi: 10.31082/1728-452X-2024-239-3-7-12

S U M M A R Y

COMPARATIVE DYNAMICS OF ONCOPATHOLOGY OF SHYMKENT CITY, THE TURKESTAN REGION AND THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN 2023-2024 AND MEANS TO IMPROVE MEDICAL CARE

JO MAULENOV, <https://orcid.org/0000-0002-7471-7587>,
ME ZHANTEYEV, <https://orcid.org/0000-0002-5387-3476>,
DJ JUMAGALI, <https://orcid.org/0009-0001-9267-7283-0009>

City Oncological Center, Shymkent, Republic of Kazakhstan

Introduction. The number of patients suffering from malignant neoplasms is increasing worldwide. In the mortality structure, this group occupies a sufficient proportion. Malignant tumors begin to develop slowly and asymptotically, but in later stages, they invade the adjacent organs and tissues and metastasize, which leads to serious complications and deaths.

Purpose. Perform a comparative analysis of dynamic indicators of the oncological service (morbidity, mortality, early diagnosis, 5-year survival) in Shymkent, Turkestan region, and data for the Republic of Kazakhstan.

Material and methods. Determination of the level of oncological services of the Republican, regional, and the city of Shymkent city on a comparative analysis of statistical data in 2023-2024 and early diagnosis and effective treatment of oncological diseases, provision of medical institutions with diagnostic and treatment devices, ways to improve work are provided.

Results. According to the Shymkent City Oncological Center, the dynamics of oncological diseases, the incidence rate, the death rate from this disease, the 5-year survival rate, and the level of detection of cancer at an early stage were discussed compared with regional and national indicators. As a result, the incidence rate decreased by 2.4 points in 2023-2024. The result is much better than the regional and national indicators. It can be seen that the number of deaths from this disease decreased by 2.8% per 100,000 people. The indicator is somewhat less compared to the regional and Republican indicators.

Discussion. The incidence of malignant diseases is growing in the world and Kazakhstan. The death rate is not decreasing. The situation with oncological care in Shymkent is slightly better compared to the national indicators and the Turkestan region. The paper considers the issues of early detection

of oncological diseases, provision of qualified care, and reducing mortality. Some achievements have been made; however, improving the oncological situation in the country requires additional efforts and extensive use of modern diagnostic and therapeutic tools.

Conclusions. Data analysis has shown the systematic nature of oncological care provided in Kazakhstan. Still, oncology services must be improved, especially regarding disease prevention, early diagnosis, and effective treatment. Modern technologies and artificial intelligence should be widely used in this field.

Keywords: oncology, mortality, morbidity, early diagnosis, radical treatment.

For citation: Maulenov JO, Zhanteyev ME, Zhumagali DJ. Comparative dynamics of oncopathology of Shymkent city, the Turkestan region and the Republic of Kazakhstan in 2023-2024 and means to improve medical care. *Meditsina (Almaty) = Medicine (Almaty)*. 2024;3(239):7-12. (In Russ.). doi : 10.31082/1728-452X-2024-239-3-7-12

КІРІСПЕ

Қазақтың онкология және радиология ФЗИ ақпарат жүйесінің мәліметі бойынша 2023 жылдың соңында Республика бойынша 218213 онкологиялық ауру есепте тұрған ол 2022 жылмен салыстырғанда (205 822 болған) 5,7% артық. Әйелдер ерлерге қарағанда онкоауруға біршама жиі шалдығады екен 56,9%. Есепте тұрғандар арасында еңбек жасындағы 18 бен 64 жас арасы науқастар 55,6% құрайды. Онкоаурулар әсерінен өлім деңгейі де жоғары, үшінші орынды алады [1].

Шымкент қалалық онкопатология структурасы бойынша лидерлік позицияда сүт безі обыры, екінші орында өкпе обыры, келесісі колоректалды обыр, ал асқазан обыры төртінші орынды алады. Өлім деңгейі көрсеткіші бойынша да сәйкесінше алдыңғы орынды тұрақты өкпе обыры алып келеді, екінші – асқазан обыры, үшінші орында – колоректалды обыр, ал төртінші орында – сүт безі обыры [1, 7].

Онкоауруға шалдыққандардың жас ерекшелігіне келер болсақ ең жиі 60-70 жас аралығындағы тұрғындар шалдыққан. Ауырғандардың 55,8%, жартысынан көбі еңбек жасындағы – 18-64 жас адамдар. Тұрғындардың жасы ұлғайған сайынонкологиялық ауруға шалдығу жиілігі арта түсетіндігі ғылымда мәлім.

Онкологиялық аурулар санының жиілеу себебі көп факторларға (сыртқы, ішкі) байланысты. Оның негізгілерінің бірі халық жасының ұзаруы, экологиялық зардаптар салдары, қоршаған ортада канцерогенді заттардың артуы, адамдар арасындағы созылмалы аурулардың көбеюі, т.с.с.

Мәселе бойынша, халықаралық ғылыми берілімдердің электронды базасын негізге ала отырып, Ресей ғалымы Левшин В.Ф. онкологиялық аурулардың, біріншілік алдын алуда тұрғындардың жаппай диспансеризациясының маңызы зор екендігін айтқан [2].

Скрининг тәсілдерді жүргізгенде тұрғындардың региональдық, мемлекеттік, діни көзқарастары мен бұқаралық сауаттылығын, әлеуметтік экономикалық деңгейі мен демографиялық ерекшеліктерін де ескеру керектігі айтылған [3].

Заманауи көзқарас бойынша онкологиялық ауруларға, оны ота алдылық химиотерапиядан бастаудың тиімділігі, соңғы нәтижесінің біршама жақсы болатындығы да, әсіресе оның бастапқы сатыларында, ғылымда белгілі [4].

Жалпы осы ауру салдарынан өлетіндердің 70% жуығы медициналық қызмет деңгейі төмен, дамушы елдер үлесінде екендігі белгілі [5].

Қазақстанда да онкологиялық аурулар салдарынан өлу жиілігі жоғары деңгейде [6].

Келесі авторлар қатерлі ісік ауруы салдарынан өлу деңгейін азайтудың негізгі жолы ретінде аурулардың реабилитациясы мен оларға психологиялық көмек көрсету мәселесін дұрыс жолға қою екендігін алға тартады [7].

Өзектілігі. Халық арасында ауырып ем іздегенше ауырмайтын жол ізде деген қанатты сөз бекер айтылмаған. Басқа ауруларға қарағанда осы сөз онкологиялық ауруларға көбірек (еселеп) тиесілі сияқты, себебі аурудың, клиникалық белгілерінің кеш білінуіне байланысты, ерте сатыларында анықталуының төмендігі, емделуінің өте қиындығы осыған байланысты өлім деңгейінің де жоғары болуы. Жұмыс өзектілігі де осыған байланысты аурудың алдын алу, ерте анықтау және тиімді емдеу болып табылады.

Зерттеудің мақсаты – қалалық, облыстық және республика деңгейіндегі онкологиялық статистикалық берілімдерді (аурушандық, өлім деңгейі, ерте анықталу көрсеткіші, 5 жылдық өмір сүру) салыстырмалы саралай отырып, ісікті ерте анықтау, профилактикалық ісшаралар мен реабилитация жұмыстарын жүйелі жолға қою.

МАТЕРИАЛ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ

Онкологиялық ауруларды ерте диагностикалау мен тиімді емдеу медициналық мекемелердің диагностикалық, емдеу құрылғыларымен жабдықталуына және заманауи технологиялық осы құрылғыларды жақсы игерген білікті мамандармен қаншалықты толықтырылғандығына байланысты.

Қазіргі таңда Шымкент қалалық онкологиялық орталықта жоғары технологиялық оталық қондырғылар арқасында реконструктивті-пластикалық оталар, аз инвазивті эндоскопиялық (торакоскопия, лапароскопия, фибробронхоскопия т.с.с.) диагностикалық, емдік ісшаралар, жұмсақ тін, сүйек ісіктерінде, тері обырында пластикалық оталар қолданылып келеді.

Интервенциялық онкология бағыты бойынша онкоцентр республика бойынша алдыңғы қатарда. Орталықта тамыр ішілік химиотерапия мен эмболизация кеңінен пайдаланылады. Бауыр, ұйқы безі, жатыр ісіктерінде, кейде бас ми, қалқанша безі ісігінде осы тәсілді қолдану арқылы онкологтар жақсы нәтижелерге қол жеткізіп отыр.

Қалалық онкологиялық орталық дәрігерлері талапқа сай ҚР ғылыми зерттеу институттарында, жақын және алыс шет ел онкологиялық орталықтарында білі-

мін жетілдіреді. Сонымен қатар қалалық онкологиялық орталық ОҚМА және Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ студенттері, интерн, резиденттері үшін негізгі клиникалық базалардың біріне айналған. Ол да орталық дәрігерлерінің мамандық бойынша теориялық өсуіне, медициналық қызмет сапасының артуына елеулі ықпал етуде.

Онкологиялық орталықтың статистикалық мәліметтеріне назар аударсақ:

Қазіргі таңда Қазақстан республикасының халқына онкологиялық қызмет жүйелі түрде 2023 ж. 5 қазанында қабылданған ҚР үкіметінің №874 қаулысы негізінде жүзеге асырылып келеді. Қаулыда халыққа 2023-2027 жж. арасында көрсетілетін онкологиялық қызметті жетілдіру бағдары, тәсілдері мен мерзімі белгіленген Қаулы бойынша орындалған ісшаралар мен оның оң нәтижелері

бойынша есеп беріліп, кемшіліктері ескерілген. Осыған байланысты, ҚР үкіметінің 2023 ж. 5 қазанындағы №874 қаулысы қабылданды.

Шымкент қалалық онкологиялық орталық мәліметі бойынша онкологиялық аурулар динамикасын, аурушандық деңгейі, осы аурудан өлім деңгейі, 5 жылдық өміршеңдік және ісіктің ерте сатысында анықталу деңгейін, қалалық, облыстық деңгейдегі көрсеткіштерін республикалық көрсеткіштермен салыстырмалы түрде талдап, көрелік.

Қатерлі ісікпен тұрғындардың аурушандық көрсеткіші көбіне сол аумақтағы экологиялық жағдай, әлеуметтік, тұрмыстық жағдайдан ісіктің алдын алу ісшаралары мен оны ерте анықтау жолдарының қандай деңгейде екендігінен мәлімет береді.

Кесте - 1 Қатерлі ісіктермен аурушандық көрсеткіші

№	Республика және облыс бойынша салыстырмалы көрсеткіштер	Қатерлі ісіктермен аурушандық көрсеткіші				
		2023		2024		Көрсеткіш динамикасы
		абсолютті саны	100 мың адамға шаққанда	абсолютті саны	100 мың адамға шаққанда	
1	Қазақстан Республикасы	9053	169,7	9190	167,6	-1,3
2	Түркістан облысы	1518	95,1	1682	101,4	+9,8
3	Шымкент қаласы	1144	127,0	1146	123,9	-2,4

1 Кестеде 2023-2024 жылдардағы аурушандықтың салыстырмалы көрсеткіштері берілген. Бір жыл ішінде қала деңгейінде онкологиялық аурулармен аурушандық деңгейі 100 мың адамға шаққанда 127 ден 123,9 ға (2,4%) кемігенін көрсетіп отыр.

Осы ауру нәтижесінде қайтыс болғандар санына келер болсақ. Бұл кестеде де бір жыл ішінде қайтыс бол-

ғандар санының 100мың адамға шаққанда 47,3-тен 16-ға азайғанын, яғни 2,8% кемігенін көруге болады. Республикалық деңгеймен 8,9% салыстырғанда біршама төмен, ал облыстық көрсеткіштермен салыстырғанда едәуір төмен екендігі көрінеді. Қалада, облыс деңгейінде және республика бойынша динамикада өлім деңгейінің төмендеуі жақсы көрсеткіш (2-кесте).

Кесте - 2 Қатерлі ісіктен қайтыс болғандар саны көрсеткіші

№	Республика және облыс бойынша салыстырмалы көрсеткіштер	Қатерлі ісіктен қайтыс болғандар саны көрсеткіші				
		2023		2024		Көрсеткіш динамикасы, %
		абсолютті саны	100 мың адамға шаққанда	абсолютті саны	100 мың адамға шаққанда	
1	Қазақстан Республикасы	2899	54,3	2715	49,5	-8,9
2	Түркістан облысы	622	39,0	448	27,8	-28,6
3	Шымкент қаласы	426	47,3	425	46,0	-2,8

Жалпы онкологиялық аурулардың өміршеңдік деңгейі, ем нәтижесіне ал емдеу нәтижесі оның ерте анықталу деңгейіне байланыстылығы бұрыннан айтылып келеді. Осы мәселе бойынша онкологиялық аурулардың ерте

I-II сатысында анықталу деңгейін саралағанда, қала бойынша едәуір 4% жуық, облыс деңгейінде 0,7% өскенін ал республика бойынша 1,8% ға кеміп кеткенін көреміз (3-кесте).

Кесте - 3 Қатерлі ісіктің бастапқы I-II сатысында алғаш анықталған жағдайлар көрсеткіші

№	Республика және облыс бойынша салыстырмалы көрсеткіштер	Қатерлі істің бастапқы I-II сатысында алғаш анықталған жағдайлар көрсеткіші				
		2023		2024		Көрсеткіш динамикасы, %
		абсолютті саны	100 мың адамға шаққанда	абсолютті саны	100 мың адамға шаққанда	
1	Қазақстан Республикасы	5529	61,3	5466	60,2	-1,8
2	Түркістан облысы	813	53,8	901	54,2	+0,7
3	Шымкент қаласы	617	54,5	639	56,6	+3,9

Кесте - 4 Қатерлі ісіктердің кеш IV сатысында алғаш анықталған жағдайлар көрсеткіші

№	Республика және облыс бойынша салыстырмалы көрсеткіштер	Қатерлі ісіктердің кеш IV сатысында алғаш анықталған жағдайлар көрсеткіші				
		2023		2024		Көрсеткіш динамикасы, %
		абсолютті саны	100 мың адамға шаққанда	абсолютті саны	100 мың адамға шаққанда	
1	Қазақстан Республикасы	999	11,6	1034	11,7	+0,9
2	Түркістан облысы	254	16,8	260	15,6	-7,0
3	Шымкент қаласы	171	15.1	146	12.9	-14.3

Онкологиялық аурудан өлім деңгейі мен өміршеңдікке тікелей әсер ететін тағы бір көрсеткіш ол қатерлі ісіктердің кеш, ем шараларына көндікпейтін, өтіп кеткен кезеңінде анықталуы. Ісік неғұрлым кеш анықталса ем нәтижесі соғұрлым нәтижесіз болатыны белгілі.

Кесте - 5 5 жылдық өміршеңдік көрсеткіші

№	Республика және облыс бойынша салыстырмалы көрсеткіштер	5 жылдық өміршеңдік көрсеткіші		
		2024		Көрсеткіш динамикасы, %
		2023, % үлесі	2024, % үлесі	
1	Қазақстан Республикасы	55,2	55,5	+0,5
2	Түркістан облысы	53,8	52,9	-1,7
3	Шымкент қаласы	52,8	53,8	+1,9

Талқыға түскен келесі көрсеткіш онкологиялық аурулардың 5 жылдық өмір сүруі деңгейі. Осы көрсеткіш аумақтың онкологиялық қызметінің нағыз деңгейін бағалайтын көрсеткіш. Кесте бойынша Шымкент қаласындағы онкологиялық аурулардың 5 жылдық өміршеңдік деңгейі 52,8%-дан 53,8%-ға 1,9 бірлікке артқан. Облыстық көрсеткіш 1,7 бірлікке кемісе, республикалық көрсеткіш 0,5 бірлікке артқандығын көруге болады (5 кесте).

ҚОРЫТЫНДЫ

Көрсеткіштер, динамикада онкологиялық қызметтің қалалық деңгейде жақсы нәтижеге жеткендігін, республика деңгейінде де біршама жақсарғанын аңғартады.

Сонда да кемшіліктер жоқ емес, қала, облыс және республика деңгейінде онкологиялық ахуалдың нашарлығы, канцерогендік заттардың көбеюі, халықтың көпшілігі салауатты өмір салтын ұстанбауы, ісіктің алдын алу мен оны ерте анықтау жолдары, тиімді ем шаралары мен реабилитация мәселелерінің әлі күнге толық шешілмеуі жұмысты әлде де жалғастыруды, жақсартуды қажет етеді. Аталған мәселе бойынша мемлекетімізде кешенді бағдарлама бойынша жұмыстар атқарылып келеді.

ҰСЫНЫСТАР

– Онкологиялық ауруларды ерте анықтау және толыққанды емдеу бағыты бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды жалғастыра беру.

– Халық арасында салауатты өмір салтын насихаттау – артық салмақ, темекі шегу мен спирттік өнімдерді пайдаланудың зиянын, дене шынықтыруы мен таза ауада

Бұл көрсеткіш бойынша да Шымкент қаласы бойынша ісіктің кеш анықталуы 100 мың адамға шаққанда 15,1-ден 12,9-ға (14,3%) азайған. Салыстырмалы түрде облыс деңгейінде 7% кемісе, республика бойынша керісінше 0,9% артқан.

серуендеу пайдасын насихаттау.

– Онкологиялық аурулардың ерте белгілерін ажырата білу мен оның алдын алуда халық арасында ақпараттық берілмдерді арттыру.

– Біріншілік медициналық ұйымдарда сапалы диагностикалық іс-әрекеттерді жүйеге ендіру.

– Онкологтар мен медициналық басқа да сала мамандарымен бірлесе, онкологиялық сезімталдық (онконастороженность) бағытында, онкологиялық аурулардың алдын алу және ерте анықтау мақсатында семинарлар, конференциялар мен дөңгелек столдар өткізу.

– Заманауи маммографтарды, эндоскопиялық аппараттарды, компьютерлік томографтарды, магнитті-резонанстык томографтарды орнату.

– Диагностика саласына жасанды интеллектті кеңінен пайдалану.

Зерттеу тазалығы

Зерттеуге демеушілік қолдау көрсетілген жоқ. Авторлар баспаға ұсынылған қолжазбаның түпкілікті версиясы үшін толық жауап береді.

Қаржылық және басқа да қатынастар туралы декларация

Барлық авторлар мақаланың тұжырымдамасын әзірлеуге және қолжазба жазуға қатысты. Қолжазбаның соңғы нұсқасын барлық авторлар мақұлдады. Авторлар мақала үшін ақы алмады.

Мүдделерқайшылығы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ тығын мәлімдейді

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Онкологическая помощь в Казахстане в 2023 году. Пресс-служба КазНИИ онкологии и радиологии МЗ РК. 10 февраля 2024. <https://www.gov.kz/memleket/entities/dsm/press/news/details/487558?lang=ru..>
2. Левшин В.Ф. Первичная профилактика рака молочной железы // Профилактическая медицина. 2021;24(11):117-125
3. Дроздова Л.Ю., Иванова Е.С., Егоров В.А., Раковская Ю.С., Лищенко О.В. Выявление онкологической патологии в целевых группах взрослого населения // Профилактическая медицина. 2021;24(12):84-88
4. Антипова Т.В., Мельник М.В., Нечаева О.Б., Шикина И.Б., Вечорко В.И., Луцева Е.М. Оценка результативности

REFERENCES

1. Oncological care in Kazakhstan in 2023. Press service of the Kazakh Research Institute of Oncology and Radiology of the Ministry of Health of the Republic of Kazakhstan. February 10, 2024. Available from: <https://www.gov.kz/memleket/entities/dsm/press/news/details/487558?lang=ru..u>
2. Levshin VF. Primary prevention of breast cancer. *Russian Journal of Preventive Medicine*. 2021;24(11):117-125.(In Russ.). <https://doi.org/10.17116/profmed202124111117>
3. Drozdova LYu, Ivanova ES, Egorov VA, Rakovskaya YuS, Lishchenko OV. Detection of oncological pathology in target groups of adult population. *Russian Journal of Preventive*

медицинской помощи при онкологических заболеваниях // Социальные аспекты здоровья населения. 2016;1(47)

5. Макимбетов Э.К., Салихар Р.И., Туманбаев А.М., Токтаналиева А.Н., Керимов А.Д. Эпидемиология рака в мире // Современные проблемы науки и образования. 2020;2

6. ВОЗ. Рак. <https://www.who.int/ru/news-room/fact-sheets/detail/cancer>. 30.05.2019

7. Кайдарова Д.Р., Чингисова Ж.К. и др. Показатели онкологической службы Республики Казахстан. Статистические материалы. Алматы, 2018. С. 95-162

Medicine. 2021;24(12):84-88. (In Russ.) <https://doi.org/10.17116/profmed20212412184>

4. Antipova TV, Melnik MV, Nechaeva OB, Shikina IB, Vechorko VI, Lutseva EM. Evaluation of the effectiveness of medical care in oncological diseases. *Social aspects of public health*. 2016;1(47):1-3. doi: 10.21045/2071-5021-2016-47-1-3

5. Makimbetov EK, Salikhar RI, Tumanbayev AM, Toktanalieva AN, Kerimov AD. Epidemiology of cancer in the world. *Modern problems of science and education*. 2020;2

6. WHO. Cancer. Available from: <https://www.who.int/ru/news-room/fact-sheets/detail/cancer>. 30.05.2019

7. Kaidarova DR, Chingisova ZhK, et al. Indicators of the oncological service of the Republic of Kazakhstan. Statistical materials. Almaty, 2018:95-162

Авторлар туралы мәліметтер:

Мауленов Жаксылық Оразбайұлы, медицина ғылымдарының магистры, жоғары дәрежелі дәрігер-онколог, «Қалалық онкологиялық орталық» ШЖҚ МҚК директоры, Шымкент қ., e-mail: jax_mail@mail.ru,

Жантеев Мұрат Ендібайұлы, медицина ғылымдарының кандидаты, жоғары дәрежелі дәрігер-онколог «Қалалық онкологиялық орталық» ШЖҚ МҚК күндізгі стационар дәрігері, Шымкент қ., e-mail: zhanteev1963@mail.ru,

Жұмағали Дәулет Жұманұлы, медицина ғылымдарының кандидаты, жоғары дәрежелі дәрігер-онколог, «Қалалық онкологиялық орталық» ШЖҚ МҚК директордың орынбасары, Шымкент қ., e-mail: doc.daulet@mail.ru.